

**Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы" 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 және "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № 624 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың атаулары ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті атаулары ауыстырылған республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.10.2023 № 865 қаулыларымен.

5. Осы қаулы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 30 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 4-тармақтың 2) тармақшасының жүз жетпіс бірінші, жүз жетпіс үшінші, жүз жетпіс төртінші, жүз жетпіс бесінші, жүз жетпіс алтыншы, жүз жетпіс жетінші, жүз жетпіс сегізінші абзацтарын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық

кодексі) тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізілетін 4-тармақтың 2) тармақшасының жүз жетпіс екінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
1-қосымша

## **Атаулары ауыстырылатын республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі" республикалық қазыналық кәсіпорны – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Ж. Елебеков атындағы республикалық эстрадалық-цирк колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрадалық-цирк колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "О. Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық хореография академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақ ұлттық хореография академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты" республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты" республикалық мемлекеттік мекемесі - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 368 қаулысымен  
бекітілген

#### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі

№ 624 қаулысына  
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
5-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
6-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
7-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2021 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 624 қаулысына  
8-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы  
комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК